



## БҰЙРЫҚ

06.01.2025  
Теміртау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 3  
город Теміртау

### Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ –нің 2024 жылғы 29 қараша № 687 бұйрық негізінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек керсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-76 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

I. 2025 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1-4 сыныптар мен ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларды ыстық тамақпен қамтылуын қамтамасыз ету жауапкершілігі директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Асадоваға жүктелсін;

II. Білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективалық ас мәзірін бекітілсін;

III. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақты ұйымдастыруды лицей сайтына «Мектептік тамақтандыру» айдарына орналастыру жауапкершілігі информатика пәнінің мұғалімі А.Балтабековаға жүктелсін;

ІҮ. Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай «Қарағанды облысы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған тамақтандыру жұмыс тобы» отырысының 28.11.2024 жылғы хаттама негізінде:

1-4 сыныптарда бір балаға 652 тенге / ҚҚС-пен / , 5-9 сыныптарға -682 тенге / ҚҚС-пен / 10-11 сыныптарға 724 тенге / ҚҚС-пен / белгіленіп, ұжымға таныстырылсын;

Ү.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігі директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Асадоваға жүктелсін;

Директор



Ш.М.Ескендиrowa

Орындаған  
М.Т.Асадова